

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бүйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2019 жылғы 3 қыркүйектегі № 30 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2019 жылғы 4 қыркүйекте № 19343 болып тіркелді.

БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Ішкі сауда департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция

министрлік

2019 жылғы 3 қыркүйектегі

№ 30 бүйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың күшін жою көзделген - ҚР Сауда және интеграция министрлік м.а. 20.03.2025 № 116-НҚ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. "Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 251 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10994 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидалары осы бұйрыққа Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын (бұдан әрі – Тізбе).

2. "Биржа саудасының үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10993 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биржа саудасының үлгі қағидалары осы бұйрыққа Тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларын және Тауар биржасы клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12605 болып тіркелген, 2016 жылғы 19 қантарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

осы бұйрықпен бекітілген Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) есеп айырысу ұйымы – екінші деңгейдегі банк немесе онымен тауар биржасының клирингтік орталығы биржалық сауда–саттық өткізу және (немесе) биржалық сауда–саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулады жүзеге асыру кезіндегі озара іс қимыл тәртібі туралы шарт жасаған банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

2) клиринг – биржа мәмілелерін жасасу нәтижесінде, оның ішінде міндеттемелер неттингін жүзеге асыру нәтижесінде тауар биржасы мүшелерінің талаптары мен (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау, тексеру және беру процесі және осындай міндеттемелерді тоқтатудың және (немесе) орындаудың негізі болып табылатын құжаттарды (акпаратты) дайындау;

3) тауар биржасының клирингтік орталығы - тауар биржасы клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасқан дербес клирингтік үйим;

4) уәкілдегі орган – тауар биржалары саласындағы уәкілдегі мемлекеттік орган. ";

3-тармақ алғып тасталсын;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Клирингтік қызметті жүзеге асыру";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Биржа мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру үшін тауар биржасы клирингтік үйыммен клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Биржалық мәмілелер бойынша клирингті, есептерді және міндеттемелерді есепке алуды жүзеге асыру мақсатында тауар биржасының клирингтік орталығы есеп айырысу үйымымен биржалық сауда-саттықты жүргізу және (немесе) биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулады жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі туралы тиісті шарт жасасады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Тауар биржасының клирингтік орталығы резервтік техникалық орталықтың дереу жандандыруға тұрақты дайын болуын қамтамасыз етеді. Резервтік техникалық орталық мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) клиринг қызметіне байланысты негізгі ақпаратқа ұксас ақпараттың резервтік көшірмелерін қамтиды;

2) биржалық мәмілелер бойынша клиринг қызметті жүзеге асыру процесінде пайдаланылатын тауар биржасының клирингтік үйымының бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етілуінің көшірмесін қамтиды;

4) тауар биржасының клирингтік орталығының қызметін жүзеге асыруға қажетті коммуникациялармен қамтамасыз етіледі;

5) тауар биржасының клирингтік орталығының орналасқан жері бойынша клирингті жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда осы жағдай туындағаннан кейін келесі жұмыс қүнінен кешіктірмей клирингті жүзеге асыру мүмкіндігін ұсынады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Клирингтік орталықтың ақпаратты ашуы және сақтауы";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тауар биржасының клирингтік орталығы өзінің қызметі туралы ақпараттың ашылуын және барлық мұдделі тұлғаларға коммерциялық құпия болып табылмайтын ақпараттармен танысуға еркін қолжетімділікті аталаған ақпаратпен бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты негізде жариялау (орналастыру) жолымен қамтамасыз етеді.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарда:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Тауар биржасының клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптар.".

Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігінің

өзгерістер енгізілетін кейбір

бұйрыктарының тізбесіне

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлік

2015 жылғы 27 наурыздагы

№ 251 бұйрығымен

бекітілген

Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы Заны (бұдан әрі – Зан) 4-бабының 3-4) тармақшасына сәйкес өзірленді және кепілдік беру және сақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) кепілдік беру қоры – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржаның өз қаражаты есебінен қалыптастыратын ақша қоры;

2) тауар биржасының клирингтік орталығы - тауар биржасы клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасқан дербес клирингтік ұйым;

3) сақтандыру қоры – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржа және (немесе) оның клирингтік орталығы биржа мүшелерінің міндетті жарналары есебінен қалыптастыратын ақша қоры;

4) тауар биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, сауда-саттықтарды ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып тікелей жүргізу жолымен жүзеге асыратын занды тұлға.

3. Биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша өз қызметі кезінде биржалық мәмілелерді орындау тәуекелдерін төмендету бойынша шаралар қабылдау мақсатында тауар биржасы:

1) тауар биржалары қызметімен айналысуға лицензия алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде кепілдік беру қоры құрылады;

2) тауар биржасының бірінші мүшесі қабылданған күннен бастап сақтандыру қорын дербес не клиринг орталығымен бірлесіп қалыптастырады, не оны қалыптастыруды клиринг орталығына тапсырады.

4. Сақтандыру және кепілдік қорларының қаражаттары тауар биржасының және (немесе) оның клирингтік орталығының балансында жеке шоттарда есепке алынады.

Кепілдік және сақтандыру қорларының ағымдағы мөлшері туралы ақпарат тауар биржасының өз интернет-ресурсында жарияланады.

2-тaraу. Кепілдік беру қорын қалыптастыру тәртібі

5. Кепілдік беру қоры тауар биржаларының қызмет көрсететін тауар нарықтары бойынша тәуекелдерді бағалауды ескере отырып, олардың ағымдағы сандық және ақша айналымдарының көрсеткіштерін негізге ала отырып, белгіленген мөлшерде өз ақшасы есебінен қалыптастырады.

6. Кепілдік беру қорын қалыптастырудың көздері тауар биржасы акцияларының төлемдері және (немесе) тауар биржасының пайдасы және Заңмен тыйым салынбаған басқа тұсімдер ретінде келіп түскен ақша болып табылады.

7. Кепілдік беру қорының қаражаты тауар биржасы қызметінің барлық кезеңінде азайтылмайтын қалдық түрінде тауар биржасының жеке банктік шотында есепке алынады.

3-тaraу. Сақтандыру қорын қалыптастыру тәртібі

8. Сақтандыру қоры тауар биржасы мүшелерінің міндettі жарналары есебінен қалыптастырылады.

9. Сақтандыру қоры ақшалай түрде қалыптастырылады және тауар биржасының жеке банктік шотындағы азайтылмайтын қалдық түрінде есепке алынады.

Сақтандыру қоры тауар биржасы қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданылуы ұқыттында қалыптастырылады.

10. Сақтандыру қорының қаражаты тауар биржасының немесе тауар биржасының клиринг орталығының жеке банктік шотында есепке алынады.

Тауар биржа мүшелігінен шыққан жағдайда және тауар биржа және (немесе) тауар биржасының клиринг орталығының алдында, сондай-ақ тауар биржасы және (немесе) тауар биржасының клиринг орталығының қатысуымен орындалатын биржалық мәмілелер бойынша берешектері болмаған жағдайда, сақтандыру қорының қаражаты биржаның мүшелеріне олардың өтініштер бойынша қайтарылуға жатады.

4-тaraу. Кепілдік беру және сақтандыру қорларын пайдалану тәртібі

11. Кепілдік беру және сақтандыру қорлары сауда-саттыққа қатысуышылар жасалған биржалық мәмілелер бойынша өздерінің ақшалай міндettемелерін орындаған

жағдайда тауар биржасы немесе тауар биржасының клирингтік орталығының өтімділік шығындары тәуекелінің орнын толтыруға арналған.

12. Кепілдік беру және сақтандыру қорларының қаражаты мынадай тәртіпте пайдалануға жатады:

1) оларды жабу үшін құрылған кепілдік беру және сақтандыру қорларындағы тәуекелдер іске асырылған жағдайда тауар биржасы оларды пайдалану туралы шешім қабылдайды;

2) қор қаражатын тауар биржасында жасалған мәміле бойынша тек зардап шеккен тарапқа залалдарды жабу үшін (жіберілген пайданы қоспағанда) пайдалануға;

3) бір биржалық мәміле бойынша залалдарды жабу үшін пайдаланылатын қор қаражатының көлемі тауар биржасының ішкі ережелерімен белгіленген шамадан аспайды және кез келген жағдайда осы қордың жиынтық активінен аспайды.

Казақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне

2-қосымша

Казақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлікін
30 наурыздагы
№ 280 бұйрығымен
бекітілген

Биржа саудасының үлгі қағидалары

1-тaraу. Жалпы талаптар

1. Осы Биржа саудасының үлгі қағидалары (бұдан әрі – Үлгі қағидалар) "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабы 2-1) тармақшасына (бұдан әрі – Зан) сәйкес әзірленді және биржалық және стандартталмаған тауарлармен биржалық мәмілелер жасау кезінде тауар биржасы мүшелерінің қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Үлгі қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ашу бағасы – биржалық сауда-саттық басталатын баға не нақты биржалық сауда-саттықта нақты биржалық тауар (тауарлар тобы) бойынша бірінші биржалық мәміле жасалған баға;

2) әлеуетті өнім беруші – жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық басқарушы компаниялардың, ұлттық компаниялардың және олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың сатып алуы бойынша биржалық мәміле жасасуға үміткер брокер қызметтерін пайдаланатын дилер, жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – жер қойнауын пайдаланушылар мен ұлттық компаниялардың сатып алуы);

3) биржалық алым – тауар биржасы сауда-саттыққа қатысушыларынан биржалық мәмілені тіркегені үшін алатын комиссия;

4) биржалық брокер (бұдан әрі – брокер) – тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын және клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мұддесі үшін биржалық тауармен мәмілелер жасайтын занды тұлға;

5) биржалық дилер (бұдан әрі – дилер) – тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын және өзінің мұддесі үшін және өзінің есебінен биржалық тауармен мәмілелер жасайтын занды тұлға;

6) биржалық қамтамасыз ету – жасалатын биржалық мәмілелер бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін тауар биржасының клирингтік орталығына биржалық саудаға қатысушылардың қайтарылатын негізде енгізетін ақшалай қамтамасыз етуі;

7) биржалық сауда-саттық – биржалық мәмілелер жасасу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін, тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржалық тауарлар мен стандартталмаған тауарлар бойынша мәмілелер жасауға бағытталған, биржалық сауда қағидалары шеңберінде жүргізілетін процесс;

8) биржалық саудаға қатысушылар – биржалық сауданың белгіленген қағидалары бойынша тауар биржасында өзара іс-қимыл жасайтын клиенттер, брокерлер және дилерлер;

9) биржалық сауда-саттыққа қатысушылар – тауар биржасында аккредиттеу рәсімінен өткен және тауар биржасында биржалық мәмілелерді жүзеге асыруға құқығы бар брокерлер және (немесе) дилерлер;

10) биржалық тауар – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілген стандартталған біртекті тауар, оның бірліктері барлық жағынан да бір-біріне сәйкес келеді, сол бір функцияларды орындауына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары болады және ұқсас қурамдастардан тұрады, түрлі өндірушілерден шыққан бірін-бірі толық алмастыратын қасиетке ие партиялар, сондай-ақ мерзімді келісімшарт;

11) биржалық тауарды, стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінім – Үлгі қағидаларға сәйкес биржалық мәміле жасау үшін қажетті барлық жағдайларды қамтитын биржалық сауда-саттықтарға қатысушының биржалық тауарды, стандартталмаған тауарды сатып алуы (сатуы) туралы ұсынысы (оферта) немесе биржалық сауда-саттықтарға қатысушының биржалық тауарды, стандартталмаған тауарды сатып алуы (сатуы) туралы ұсынысты қабылдауы туралы хабарламасы (акцепт);

12) есеп айырысу үйімі – екінші деңгейдегі банк немесе онымен тауар биржасының клирингтік орталығы биржалық сауда-саттық өткізу және (немесе) биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге

асыру кезіндегі озара іс қимыл тәртібі туралы шарт жасаған банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

13) клиент – биржалық тауармен мәмілелер жасау үшін брокер көрсететін қызметтерді пайдаланатын жеке немесе занды тұлға;

14) кросс-мәміле – брокер екі әртүрлі клиенттің тапсырмасы бойынша әрекет ете отырып, сатушы тарапынан да, сатып алушы тарапынан да әрекет ететін биржалық мәміле;

15) қосарланған қарсы аукцион режимі – сатушылар мен сатып алушылар бәсекелестігі нәтижесінде биржалық мәмілелер жасырын түрде жасалатын, ал биржалық немесе тауардың бағасы сұраныс пен ұсыныстың тепе–тендік деңгейінде белгіленетін сауда режимі;

16) сауда күні – тауар биржасының биржалық сауда–саттықтар өткізетін күні ішіндегі жұмыс күні;

17) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

18) сауда лоты – биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) берілген өтінімде көрсетілген биржалық немесе стандартталмаған тауардың саны еселенген болуға тиіс биржалық немесе стандартталмаған тауардың ең аз саны;

19) сауда режимі – тауар биржасының сауда жүйесінде өтінімдерді жариялау және мәмілелер жасасу шарттарының жиынтығы;

20) сауда сессиясы – трейдерлер тауар биржасының сауда жүйесіне биржалық және (немесе) стандартталмаған тауарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер беретін және олар бойынша биржалық мәмілелер жасалатын сауда күнінің уақыт кезеңі;

21) стандартталмаған тауар – биржалық тауарларды, жылжымайтын мүлікті және зияткерлік меншік объектілерін қоспағанда, айналымнан алынбаған немесе айналымы шектелмеген, тауар биржасы биржалық саудаға жіберген тауар;

22) стандартты аукцион режимі – стандартталмаған тауарлар бойынша биржалық мәмілелер төмендетуге немесе жоғарылатуға арналған аукцион барысында сатып алушы (сатушы) – аукционның бастамашысы үшін ең үздік баға бойынша жасалатын сауда режимі;

23) тауар биржасының клирингтік орталығы - тауар биржасы клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасқан дербес клирингтік ұйым;

24) тауар биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, сауда-саттықтарды ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып тікелей жүргізу жолымен жүзеге асыратын занды тұлға;

25) трейдер – биржалық сауда–саттыққа қатысушының, онымен биржалық сауда–саттыққа қатысушының атынан мәмілелерді жасасуға байланысты

іс-кимылдарды тауар биржасының сауда жүйесінде жүзеге асыруға өкілдік берілген және белгілеген тәртіппен тауар биржасында тіркелген жұмыскер;

26) өзін-өзі реттейтін ұйым – брокерлердің және (немесе) дилерлердің ерікті қатысуына негізделген және тауар биржалары саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізіліміне енгізілген қауымдастық (одақ) нысанындағы коммерциялық емес ұйым Заңының 4-бабының 10-2) тармақшасына сәйкес;

27) үміткер – тауар биржасында брокер немесе дилер ретінде аккредиттеу рәсімінен өтуге ниет білдірген заңды тұлға.

Осы Үлгі қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Үлгі қағидалардың негізінде әрбір тауар биржасы ішкі құжаттармен Биржалық сауданың өз қағидаларын (бұдан әрі – Биржа қағидалары) әзірлейді және бекітеді.

4. Биржалық саудаға қатысушылар Занда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Үлгі қағидаларда және тауар биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды сақтайды.

5. Тауар биржасы биржалық сауданың барлық қатысушыларына биржалық мәмілелерді жасау бойынша тең жағдайларды қамтамасыз етеді және биржалық мәмілелердің заңдылығы кепілі болып табылады.

2-тaraу. Тауар биржасының мүшелерін аккредиттеу, оларды аккредиттеуді тоқтата тұру және тоқтату талаптары мен тәртібі

6. Тауар биржасында аккредиттеу Занға, Үлгі қағидалар мен Биржа қағидаларына сәйкес брокерлер мен дилерлерге биржалық сауда-саттыққа қатысуға және биржалық мәмілелерді жүзеге асыру құқығын береді.

7. Тауар биржасының мүшелері тауар биржасында аккредиттеу рәсімінен өткен және тауар биржасымен биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету туралы мерзімсіз шарт жасасқан брокерлер және (немесе) дилерлер болып табылады.

Брокер және (немесе) дилер тек бір тауар биржасының мүшесі болып алады.

Жеке тұлға екі және одан да көп брокерлердің және (немесе) дилердің басшысы бола алмайды.

8. Тауар биржасының мүшелері тауар биржасында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол беруге емес.

9. Тауар биржасында аккредиттеуден өту үшін үміткерге мынадай талаптар қойылады:

- 1) азаматтық құқық қабілеттілігі болуы;
- 2) төлем қабілеттілігінің, салықтық берешегінің болмауы;
- 3) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауы, оның мүлкіне тыйым салынбауга, оның қаржы-шаруашылық қызметі тоқтатыла тұрмауы тиіс;

4) басшылаузыныңдағы жұмысқерлердің жоғары білімінің болуы.

Тауар биржасы үміткерге жарғылық және (немесе) меншікті капиталының мөлшеріне, іскерлік беделі мен резиденттілігіне қатысты, оның ішінде тауар биржасындағы жекелеген сауда секциялары бойынша, егер мұндай талаптар тауар биржасындағы брокерлерді және (немесе) дилерлерді аккредиттеу қағидаларында белгіленген болса, талаптарды белгілейді.

10. Тауар биржасында аккредиттеу үшін үміткер тауар биржасына мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

- 1) тауар биржасының мүшелігіне қабылдау туралы өтініш;
- 2) енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген ереженің және (немесе) жарғының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландағырылған);
- 3) үміткерді қосылған құн салығын төлеуші ретінде салық есебіне қою туралы анықтама көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 4) бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бар болса) қол қойған соңғы қаржы жылдындағы қаржылық есептіліктің түпнұсқасы;
- 5) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;
- 6) үміткердің кіру жарнасын төлегені туралы түбіртек;
- 7) тауар биржасының клирингтік орталығымен клирингтік қызмет көрсету туралы шарттың көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландағырылған).

Тауар биржасы егер тауар биржасында жекелеген сауда секциялары бойынша кіру тауар биржасындағы брокерлерді және (немесе) дилерлерді аккредиттеу қағидаларында белгіленсе, тауар биржасында жекелеген сауда секциялары бойынша тауар биржасы мүшелерінің кіруі үшін қажетті қосымша құжаттар мен мәліметтерді ұсынуды сұрата алады.

11. Тауар биржасында аккредиттеу туралы шешімді тауар биржасы өтініш пен осы Үлгі қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдаған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Қабылданған шешім туралы үміткерге бір жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарланады.

Шешім мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол - алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
 - 2) поштамен – тапсырыс хатпен;
 - 3) электрондық тәсілмен – тауар биржасы хатында көрсетілген электрондық мекенжайға жіберілген күннен бастап берілді деп есептеледі.
12. Тауар биржасында аккредиттеуден мынадай:

1) үміткердің осы Үлгі қағидалардың 9-тармағында, тауар биржасында брокерлерді және (немесе) дилерлерді аккредиттеу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған, толық көлемде ұсынбаған және (немесе) қате ақпаратты қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынған;

3) үміткерге қатысты қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі болған жағдайларда бас тартылады;

4) үміткерді және (немесе) оның бірінші басшысын "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатурға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңында көзделген тәртіппен Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізу;

5) үміткерге және (немесе) оның бірінші басшысына қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы, оның негізінде үміткер және (немесе) оның бірінші басшысы тауар биржасында аккредиттелуге байланысты арнаулы құқықынан айырылған.

13. Тауар биржасында аккредиттеуден негізсіз бас тартуды алған жағдайда үміткер тауар биржасының шешіміне уәкілетті органға шағымданады.

Уәкілетті органға шағымдану үшін:

1) тауар биржасында аккредиттеу туралы шешімде баяндалған қорытындылардың негізсіз бас тарту мән-жайларына сәйкес келмеуі;

2) тауар биржасында аккредиттеуден бас тарту шешу кезінде тауар биржалары саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының дұрыс қолданылмауы негіздер болып табылады.

Уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда үміткер сотқа жүгінуге сұратады.

14. Тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) тауар биржасының мұшесі:

аккредиттеуді тоқтата тұру себебін;

аккредиттеуді тоқтата тұру мерзімін;

ол жасасқан биржалық мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелердің тоқтығы туралы мәліметтерді көрсете отырып, тиісті өтінішті ұсына отырып, шешім қабылдаған жағдайда;

2) биржа мүлкін пайдалану, ақпараттық-техникалық және клирингтік қызмет көрсету, сондай-ақ биржалық алым үшін белгіленген төлемдерді (екі және одан көп рет) төлемеген жағдайда;

3) тауар биржасы биржа мүшесінің Заңның 20 және 22-баптарында белгіленген талаптарды, осы Үлгі қағидаларды және тауар биржасының ішкі құжаттарын сақтамағанын анықтаған жағдайда.

Биржа мүшесінің Үлгі қағидалардың осы тармағында белгіленген талаптарды сақтамауы анықталған жағдайда, тауар биржасы үш жұмыс күні ішінде мерзімдері көрсете отырып, аккредиттеуді тоқтата тұру туралы жазбаша түрде хабарлама жібереді.

15. Тауар биржасында аккредиттеуді қайта бастау мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) тауар биржасы мүшесінің өтініші бойынша - өз қалауы бойынша тауар биржасында аккредиттеу тоқтатыла тұрған жағдайда;

2) осы Үлгі қағидалардың 14-тармағында көзделген талаптарды жою туралы растайтын құжаттарды ұсыну.

16. Тауар биржасында аккредиттеуді тоқтату мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) тауар биржасының мүшесі:

аккредиттеуді тоқтату себебін;

жасалған биржалық мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді орындағаны туралы мәліметтерді көрсете отырып, тиісті өтінішті ұсына отырып, шешім қабылдаған жағдайда;

2) өз қалауы бойынша өтінішті қоспағанда, тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру үшін негіз болған талаптар жойылмаған жағдайда;

3) тауар биржасының мүшесі таратылған жағдайда;

4) қызметке немесе қызметтің жекелеген тұрлеріне тыйым салу туралы заңды құшіне енген сот шешімі болған жағдайларда;

5) тауар биржасының мүшесі тараپынан бағалармен айла-шарғы жасау фактісі расталған жағдайда.

17. Тауар биржасы тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы өтініштерді өтініш қабылданған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды. Тауар биржасы мүшесінің биржалық мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелері анықталған жағдайда, тауар биржасы өтінішті биржалық мәмілелер бойынша барлық міндеттемелер орындағанға дейін қаруға қабылдамайды.

18. Тауар биржасы белгілейтін тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұру үшін негіз болған талаптарды жою мерзімдері отыз жұмыс күнінен аспайды.

19. Тауар биржасының кірістері тауар биржасы мүшелерінің кіру журналары мен жыл сайынғы журналары, биржа мүлкін пайдаланғаны, биржалық мәмілелерді тіркегені және ресімдегені үшін төлемдер есебінен және Заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер есебінен құралады.

20. Биржалық алым мөлшері мәміле мөлшерінен пайыздық қатынаста айқындалады және мемлекеттік сатып алуды жүргізу, табиғи монополиялар субъектілерін,

әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды сатып алу, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар мен ұлттық компанияларды сатып алу жағдайларын қоспағанда, тауар биржасы мәміленің әрбір тарапы үшін бірдей мөлшерде белгілейді.

21. Тауар биржасы Заңның 14-бабына сәйкес жарналар мен төлемдердің өзге түрлерін белгілейді.

22. Брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасасқан клиентке келтірілген шығындар немесе брокердің заңсыз іс-әрекеттері салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген мүліктік зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтелуге жатады.

3-тарау. Биржалық сауда-саттықты, оның ішінде мерзімді келісімшарттармен өткізу тәртібі

23. Тауар биржасы биржалық сауда-саттықтарды өзі белгілеген сауда күндерінде өткізеді. Сауда күнінің басталу және аяқталу, сауда алдындағы кезең (ол өткізілген жағдайда), сауда сессиясының және клирингтің уақытын бес сағаттан кем емес сауда күнінің орташа ұзақтығын ескере отырып, тауар биржасы белгілейді.

24. Тауар биржасы биржалық сауда-саттықтарды сауда режимдерінің ерекшеліктерін ескере отырып өткізеді.

25. Қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттыққа жіберілген әрбір биржалық және стандартталмаған тауарға тауар биржасы осы тауарды, оның сапалық сипаттамаларын, сондай-ақ жеткізудің базалық шарттарын сәйкестендіретін сауда құралының жеке кодын береді.

26. Биржалық сауда-саттық енгізе отырып биржалық қамтамасыз етуді енгізумен жүргізіледі.

Биржалық сауда-саттыққа қатысу үшін биржалық қамтамасыз етуді мөлшерін тауар биржасы сауда-саттыққа қатысушы жоспарлаған биржалық мәміле сомасына арақатынас пайзызымен белгілейді.

Биржалық саудаға қатысушы биржалық мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, ол енгізген биржалық қамтамасыз ету тауар биржасының клирингтік орталығына зардан шеккен тараптың пайдасына аударуға жатады.

Биржалық қамтамасыз етуді зардан шеккен тараптың пайдасына енгізу, қайтару және аудару тәртібін тауар биржасының клирингтік орталығы айқындаиды.

27. Биржалық саудаға жіберілген тауарды сатуға (сатып алуға) тілек білдірген биржалық сауда-саттыққа қатысушы биржаның сауда сессиясы ішінде тауар биржасына биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім береді.

Биржалық сауда-саттыққа қатысушының биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім биржалық сауда-саттыққа қатысушының биржалық мәміле жасауға сөзсіз келісімі болып табылады.

Биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімнің нысаны мен мазмұнын қолданылатын сауда режимінің ерекшеліктерін ескере отырып, тауар биржасы белгілейді.

28. Қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттықты өткізу кезінде өтінімде мынадай көрсетілуі тиіс:

тауардың (сауда құралының) коды;

өтінімнің бағыты: тауарды сатып алу немесе сату;

өткізілетін (сатып алынатын) тауардың саны;

тауардың бағасы (сатып алуға арналған өтінімде және сатуға арналған өтінімде көрсетіледі).

29. Тауар биржасы биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімді қабылдаудан мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) өтінімді дұрыс рәсімдемеу;

2) өтінім берудің белгіленген мерзімдерін бұзу;

3) биржалық қамтамасыз етудің;

4) биржалық сауда-саттыққа қатысушының бұрын жасалған биржалық мәмілелер бойынша биржалық алымды төлемеуі, сондай-ақ оның тауар биржасы және (немесе) тауар биржасының клирингтік орталығы алдында берешектерінің болуы;

5) өтінім берген брокердің немесе дилердің тауар биржасында аккредиттеуді тоқтата тұруы және тоқтатуы;

6) биржалық саудаға қатысушының бұрын жасалған биржалық мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындамау фактісін белгілеуі.

30. Биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) өтінімді қабылдаудан бас тартқан жағдайда, тауар биржасы сауда күні ішінде электрондық сауда жүйесі арқылы биржалық сауда-саттыққа қатысушының бас тарту себебі туралы хабарлайды.

31. Биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) қабылданған өтінімдер тауар биржасында тіркеуге және тауар биржасының сауда жүйесіне енгізуге жатады.

32. Биржалық сауда-саттықта жасалған мәміледен бас тартуға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

Биржалық мәміледен бас тартқан жағдайда биржалық саудаға қатысушылардың тауар биржасынан олар бұрын төлеген биржалық алымды қайтаруды талап етпейді.

33. Биржалық сауда-саттықтар мынадай сауда режимдерінде:

1) стандартты аукцион режимде;

2) қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізіледі.

34. Стандартты аукцион режиміндегі биржалық сауда-саттықтар:

1) жалпыға қолжетімді болып табылатын аукционның бастамашысы туралы ақпаратты қоспағанда, биржалық саудаға қатысушылар туралы ақпаратты немесе оның құпиялығын ашу;

2) аукциондарды бағаның төмендеуіне немесе көтерілуіне қарай жүргізу;

3) аукционды стандартталмаған тауарды сатып алушының немесе сатушының тапсырысы бойынша жүргізу;

4) аукцион бастамашысының немесе аукцион бастамашысы болып табылатын дилердің мұдделерін білдіретін брокерді қоса алғанда, аукционға кемінде үш қатысушының қатысуы;

5) аукционның қорытындылары бойынша биржалық мәміле жасалатын стандартталмаған тауардың арналған бағасын қалыптастыру және аукционға қатысушылар төмендетуге ұсынған ең төменгі бағалардың арасынан және аукционға қатысушылар жоғарылатуға ұсынған ең жоғары бағалардың арасынан оны айқындау;

6) биржалық қамтамасыз етудің ескеріле отырып, жүргізіледі.

35. Тауар биржасы биржалық сауда-саттықты стандартты аукцион режимінде мынадай дәйекті кезеңдерді сақтай отырып өткізеді:

1) тауар биржасына стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) өтінім беру;

2) өз интернет–ресурсында стандартты аукцион режиміндегі биржалық сауда-саттықты өткізу туралы хабарландыруды орналастыру;

3) әлеуетті өнім берушілердің дилерлерінің немесе брокерлерінің өтінімдерін тіркеу біліктілік талаптарына сәйкестігіне қарау;

4) стандартты аукционға қатысуға жіберілген дилерлердің немесе әлеуетті өнім берушілердің брокерлерінің меншікті интернет-ресурсында жариялау;

5) биржалық қамтамасыз етудің;

6) биржалық сауда-саттықтың жеңімпазын анықтау;

7) осы Үлгі қағидаларында белгіленген тәртіппен биржалық сауда-саттық қорытындылары туралы хаттама негізінде жеңімпазбен шарт жасасу.

36. Стандарттық аукциондарға қатысатын брокер бір ғана клиенттің мұдделерін ұсынады.

37. Стандартты аукцион режимінде өткізілетін сауда–саттықтар әрбір аукцион бойынша қатысушылар саны аукцион бастамашыларының мұдделерін білдіретін брокерді (дилерді) қоса алғанда, аукционның кемінде үш қатысушысын құраған жағдайда өткізілді деп танылады.

38. Стандартты аукционды өткізу қорытындылары бойынша аукцион бастамашысының мұдделерін білдіретін брокер (дилер) мен аукцион жеңімпазы арасында биржалық мәміле жасалады.

39. Қосарланған қарсы аукцион режиміндегі биржалық сауда-саттықтар:

1) биржалық саудаға қатысушылар туралы ақпараттың құпиялылығы;

2) кросс-мәмілелер жасасуға тыйым салу;

3) сатып алушылардың, сатушылардың ұсыныстарын бәсекелес ету және оны сатып алушы үшін ең жақсы баға ретінде (сатушылардан ең төменгі баға) немесе сатушы үшін ең жақсы баға ретінде (сатып алушылардан ең жоғары баға) айқындау процесінде биржалық мәміле жасалатын биржалық және стандартталмаған тауарға баға қалыптастыру;

4) биржалық қамтамасыз етудің ескеріле отырып, жүргізіледі.

40. Биржалық тауарлардың тізбесінде көрсету "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10587 болып тіркелген) және қосарланған қарсы аукцион режимінде ғана сатылады.

41. Қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық тауарлармен биржалық сауда-саттыққа қатысатын брокер онда бір және одан да көп клиенттердің мүдделерін білдіреді.

42. Қосарланған қарсы аукцион режимінде стандартталмаған тауарлармен биржалық сауда-саттыққа қатысатын брокер онда тек бір клиенттің мүддесін білдіреді.

43. Қосарланған қарсы аукцион режимінде саудаланатын тауарлар бойынша тауар биржасы өзінің ішкі құжаттарымен тауардың ерекшелігін бекітеді, ол:

1) тауардың атауын, тауардың кодын және оның сапалық сипаттамаларын;

2) тауарды жеткізу және төлеу шарттарын;

3) лоттың және тауардың ең аз жеткізу партиясының мөлшерін, сондай-ақ тауарды орау тәсілін;

4) тауарды жеткізуді растайтын құжаттардың тізбесін;

5) тауарды жеткізу кезіндегі жол берілетін толерансты;

6) жеткізу шартының стандартты нысанының болуын көздейді.

44. Қосарланған қарсы аукцион режиміндегі биржалық сауда-саттық оның әрір берілетін өтінімі тауардың саны және бағасы бойынша өтінімдер тізілімін (кезегін) құрайтын қарсы өтінімдермен сәйкес келуін тексеретін сатып алу және сату өтінімдерін тауар биржасының сауда жүйесі мен үздіксіз автоматты салыстыру тәртібінде сауда сессиясы ішінде өткізіледі.

Берілетін өтінімдердің параметрлері қарсы өтінімдердің параметрлерімен сәйкес келген жағдайда биржалық мәміле жасалады.

45. Өтінімдер тізілімін (кезегі) мыналарды ескере отырып автоматты режимде тауар биржасының тауар жүйесі қалыптастырады:

1) беру уақытына қарамастан кезекте бірінші болып ең жақсы бағасы бар (сатып алушыдан ең жоғары бағамен (кемуі бойынша) өтінімдер қойылады сатып алу және сатушыдан ең төменгі бағамен (өсуі бойынша) сатуға өтінімдердің кезегінде); бұл ретте өтінімде көрсетілетін өткізілетін (сатып алынатын) тауардың саны (өтінімнің көлемі) оның басымдығына (бірінші кезектілігіне) әсерін тигізбейді;

2) қарсы өтінімдер олардың кезектегі орнына және бағасына сәйкес қанағаттандырылады – алдымен кезекте бірінші болып белгіленген өтінімдер қанағаттандырылады;

3) өтінім бағалары тең болған жағдайда кейінірек берілген өтінімге қарағанда бұрын берілген өтінім бірінші кезекте қанағаттандырылады;

4) мәміле қарсы өтінімдер кезегінде бірінші болып тұрған өтінімнің бағасы бойынша жасалады;

5) егер мәміле жасаған кезде өтінімді ішінара қанағаттандыру болса, онда оның қалған (орындалмаған) бөлігі Үлгі қағидалардың осы тармағында айқындалған жалпы тәртіпте қанағаттандыруға жататын жеке өтінім ретінде қарастырылады;

6) биржалық мәміле жасау қанағаттандырылатын өтінімдерді берген қатысушылардың қосымша келісуін талап етпейді.

46. Қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізілетін сауда сессиясы барысында биржалық сауда–саттыққа қатысушылар тауарды сатып алу (сатуға) арналған өтінімдердің шексіз санын береді. Бұл ретте биржалық сауда–саттыққа қатысушылар берген кез келген өтінімді мәміле жасау сәтіне дейін жоюға алып тастауға беріледі.

47. Қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізілетін сауда сессиясының аяқталуы бойынша қанағаттандырылмаған барлық тауарды сатып алу (сату) өтінімдерін тауар биржасының сауда жүйесі жояды, немесе егер соңғысы өтінімде көзделсе, келесі сауда күніне ауыстырылады.

48. Брокер клиенттерінен биржалық тауарды сатып алуға (сатуға) берілген өтінімдер арасында мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда, брокер клиенттің басқа клиенттік өтінімдерге қарағанда бұрын алған өтінімін орындайды.

4-тарау. Биржалық сауда-саттықта жасалған тауарлармен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру тәртібі

49. Тауар биржасымен биржалық саудаға қатысушылардың есеп айырысы Биржа қағидаларына және биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттарға сәйкес жүргізіледі.

50. Тауар биржасында жасалған мәмілелер бойынша биржалық ақы төлеу мен оларды жеткізу мынадай:

1) тауар биржасымен немесе клиринг орталығымен есеп айырысу ұйымының тиісті мәміле жасалған биржа ережелерінде көзделген биржалық тауардың жеткізілуін растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда ашылатын биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға қатысуын көздейтін шарт жасасқан есеп айырысу ұйымында шот ашу жолымен тауарға ақы төлеу;

2) қарапайым немесе екі жақты қойма куәлігінің (кеңілді куәліктен бөлек қойма куәлігі) немесе биржалық тауардың болуы немесе жөнелту фактісін растайтын Биржа қағидаларында айқындалған өзге де құжаттардың тиісті мәмілесі жасалған Биржа

қағидаларында айқындалған мамандандырылған ұйымда сақтауға қою кезінде "төлемге қарсы жеткізу" шарттарында шот ашпай-ақ есеп айырысу ұйымы арқылы тауарға ақы төлеу;

3) сатып алушының тауарға алдын ала төлем жасауы шарттарында биржалық жеткізу;

4) сатушының тауарды алдын ала жеткізу шарттарында тауарға ақы төлеу тәсілдерімен жүзеге асырылады.

51. Биржа қағидаларында биржалық сауда–саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айрысудың бір немесе бірнеше тәсілдерін көздеу мүмкіндігіне жол беріледі.

Егер Биржа қағидаларында белгілі бір сауда режимінде биржалық сауда–саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айрысузың бірнеше тәсілі көзделген болса, тараптар осындай тәсілдердің бірін ғана таңдайды.

52. Биржалық мәмілелерге клирингтік қызмет көрсету "Тауар биржалары мәмілелері бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларын және Тауар биржасы клирингтік орталығының аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 729 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12605 болып тіркелген).

53. Биржалық және (немесе) стандартталмаған тауарлармен биржалық сауда-саттықта жасалған мәмілелер бойынша есеп айрысуларды жүзеге асыруға арналған валюта Қазақстан Республикасының валютасы - сауда-саттық өткізу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңге болып табылады.

5-тaraу. Өзін-өзі реттейтін ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі, сондай-ақ брокерлер мен дилерлердің биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз етуі

54. Тауар биржалары мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында келісім немесе меморандум жасасуға жол беріледі.

55. Тауар биржаларының өзін-өзі реттейтін ұйымдармен өзара іс-қимылы:

1) ақпарат алмасу;

2) өзара көмек және өз мүдделерін қорғау;

3) брокерлер және (немесе) дилерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын өткізу;

4) консультациялық көмекті жүзеге асыру;

5) өз қызметін жүзеге асыру кезінде туындастын мәселелер бойынша бірлескен шешімдер қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

56. Тауар биржалары мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл электрондық түрде жүзеге асырылады.

57. Құжаттарды және (немесе) мәліметтерді қағаз жеткізгіште ұсыну (жіберу) арқылы құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасу құжаттармен және (немесе) мәліметтермен электрондық түрде алмасудың техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

6-тарау. Тауар биржасында сауда-саттықты тоқтата түру және қайта бастау талаптары мен тәртібі

58. Тауар биржасының сауда жүйесінде техникалық ақаулар туындаған және биржалық сауданы ұйымдастыруға байланысты қызметтер көрсетуді жалғастыруға мүмкіндік бермейтін жағдайларда, тауар биржасы техникалық ақаулар журналында техникалық ақау фактісі мен уақытын тіркейді, қызметтер көрсетуді тоқтатады және мыналарға:

- 1) техникалық ақауларға әкелген себептерді анықтауга және жоюға;
- 2) ақаулардың техникалық салдарын жоюға;

3) тауар биржасының сауда жүйесінде орналасқан ақпараттың толық сақталуын қамтамасыз етуге және техникалық ақаулар нәтижесінде жойылған ақпаратты қалпына келтіруге бағытталған шараларды тез қабылдайды.

59. Тауар биржасының сауда жүйесінде ақаулар анықталған жағдайда тауар биржасы сауда-саттықты уақытша тоқтата түру туралы шешім қабылдайды, бұл туралы биржалық сауда-саттыққа қатысуышылар тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа да қолжетімді тәсілмен хабардар етіледі.

Тауар биржасының сауда жүйесінің жұмыс қабілеттілігі қалпына келтірілгеннен кейін сауда-саттық қайта басталады.

60. Егер тауар биржасының сауда жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін болмаса, тауар биржасы сауда-саттықты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Шешім тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа да қолжетімді тәсілмен биржалық сауда-саттыққа барлық қатысуышылардың назарына жеткізіледі.

7-тарау. Биржалық төрелік қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібі, сондай-ақ биржалық тауарлармен биржалық мәмілелер жасасуға байланысты дауларды шешу тетіктері

61. Биржалық мәмілелерді жасасуға байланысты дауларды шешу үшін биржалық төрелік Заңның 8-бабының 1-тармағына сәйкес тұрақты жұмыс істейтін төрелік ретінде тауар биржасын құрады.

Биржалық төрелік қызметі Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі "Төрелік туралы" Заңы 4-бабының 2-тармағымен реттеледі.

62. Тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелік құру үшін тауар биржасы төрелік регламентін, осы төреліктегі қызметтің жүзеге асыратын төрешілер тізілімін бекітеді.

Тауар биржасының тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелігінің регламенті:

Жалпы ережелерді;

Төрелік талқылауды ұйымдастыруды;

Төрелік талқылаудың басталуын;

Төрелік құрамын құру тәртібін;

Дауларды қарау тәртібін;

Төрелік шешім шығару және талқылауды тоқтату тәртібін;

Төреліктегі істерді қарауға байланысты шығыстарды қамтуы тиіс.

63. Даулы қарым қатынастар заңнамамен немесе тараптардың келісімімен тікелей реттелмеген және оларға қолданылатын әдет-ғұрыптар болмаған жағдайларда, бұл олардың мәніне қайшы келмейтіндіктен, осындағы қарым қатынастарға ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары қолданылады, ал мұндай нормалар болмаған кезде дау азаматтық заңнаманың жалпы негіздері мен мағынасын негізге ала отырып шешіледі.

64. Бағамен айла-шарғы жасауға биржалық сауда-саттыққа қатысуышылардың мынадай іс-әрекеттері жатады:

биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатып алуға немесе сатуға ұсынылған өтінімдерде жалған немесе дәйексіз ақпаратты көрсету;

ұқсас мәмілелер бойынша бағалардан елеулі ауытқуы бар бағалар бойынша биржалық немесе стандартталмаған тауарларды сатып алуға және сатуға өтінімдерді бір мезгілде ұсыну.

65. Тауар биржасы бағамен айла-шарғы жасау фактісін анықтау үшін мынадай шараларды қабылдайды:

1) тиісті биржалық немесе стандартталмаған тауарларға арналған бағалардың ауытқуының шекарасын белгілейді;

2) тауар биржасының электрондық сауда жүйесінде орналастырылатын биржалық немесе стандартталмаған тауарды сатып алуға, сатуға арналған өтінімдерді бақылауды жүзеге асырады;

3) жасалған биржалық мәмілелер бойынша биржалық немесе стандартталмаған тауарлар бағаларын мониторингілеуді жүзеге асырады;

4) өткен сауда-саттықтардың нәтижесінде қалыптасқан бағаларды негізге ала отырып, бір сауда күні шеңберінде нақты биржалық немесе стандартталмаған тауарға арналған баға деңгейлерін талдауды жүзеге асырады;

5) биржалық сауда-саттыққа қатысуышылардан биржалық сауда-саттыққа тікелей немесе жанама қатысы бар құжаттар мен мәліметтерді сұратады;

6) өткен сауда-саттықтардың нәтижесінде қалыптасқан бағаларды негізге ала отырып, бір сауда күні шеңберінде нақты биржалық немесе стандартталмаған тауарға

арналған бағалар деңгейінің ең төменгі және ең жоғары шектерінің асып тұсуін мониторингледі жүзеге асырады.

66. Ықтимал айла-шарғы жасау фактісі анықталған кезде тауар биржасы биржалық сауда-саттықты тоқтата тұрады, бұл туралы биржалық саудаға қатысушылар тауар биржасының сауда жүйесін пайдалана отырып немесе басқа да қолжетімді тәсілмен хабардар етіледі.

8-тарау. Биржалық сауда бойынша құжаттарды қабылдау (бекіту) тәртібі

67. Тауар биржасы мынадай ішкі құжаттарды:

- 1) Биржаның қағидаларын;
- 2) биржалық және (немесе) стандартталмаған тауарды сатуға (сатып алуға) арналған өтінімнің нысаны мен мазмұнын;
- 3) тұрақты жұмыс істейтін биржалық төрелік регламентін және төрешілер тізілімін;
- 4) биржалық сауданы ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету туралы үлгі шарттың нысанын;
- 5) тауар биржасы көрсететін қызметтердің тарифтерін;
- 6) тауар биржасындағы брокерлерді және (немесе) дилерлерді аккредиттеу қағидаларын;
- 7) қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттыққа жіберілген тауардың ерекшелігін және жеткізу шартының стандартты нысанын;
- 8) қосарланған қарсы аукцион режимінде биржалық сауда-саттыққа жіберілген биржалық және стандартталмаған тауарлардың сауда құралының кодтарын беру тәртібін;
- 9) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларын және оны жүзеге асыру бағдарламаларын;
- 10) брокерлік (дилерлік) этика кодексін;
- 11) тауар биржасына қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды;
- 12) тауар биржасының клирингтік орталықтың аппараттық-бағдарламалық кешеніне қойылатын талаптар.

68. Тауар биржасы:

- 1) биржалық сауда-саттыққа қатысушының талабы бойынша биржалық сауда-саттық арқылы өткізілетін биржалық тауардың сапасына сараптама жасауды ұйымдастыруды;
- 2) биржалық саудаға байланысты ұйымдастырушылық, консультациялық, ақпараттық, әдістемелік қызметтер көрсетуді;
- 3) халықаралық биржалық сауда-саттықты дамытуды жүзеге асыруға алады.

9-тарау. Тауар биржасында мәмілелерді есепке алу және тіркеу тәртібі

69. Биржалық сауда-саттық барысында жасалған мәміле бойынша тауар биржасының сауда жүйесінде бірегей нөмір беріле отырып, биржалық мәміле бойынша есеп (бұдан әрі - биржалық мәміле бойынша есеп) автоматты түрде генерацияланады және мынадай мәліметтерді:

1) биржалық сауда-саттыққа қатысушының атауын және оның бірегей биржалық сәйкестендіргішін (биржалық сауда-саттыққа қатысушыға берілген жеке код);

2) мәміле жасалған күні мен уақытын – жыл, ай, күн, сағат, минут, секунд форматында (кемінде 0,1 секундқа дейінгі дәлдікпен);

3) биржалық немесе стандартталмаған тауардың атауын және (немесе) кодын;

4) тауар бірлігінің бағасын;

5) тауар санын;

6) мәміленің жалпы сомасын қамтиды.

70. Биржалық мәміле бойынша есеп сауда сессиясы мен клиринг аяқталғаннан кейін бірден тауар биржасының уәкілетті жұмыскерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен міндettі түрде қол қоя отырып, тауар биржасының электрондық құжат айналымы жүйесінде мәміле жасасқан брокерге немесе дилерге ұсынылады.

Брокер биржалық мәміле бойынша есепті алғаннан кейін оны өзінің клиентіне ұсынады.

71. Сауда-саттыққа қатысушының талабы бойынша тауар биржасы биржалық мәміле бойынша электрондық есепке қосымша сауда-саттыққа қатысушыға биржаның уәкілетті жұмыскері қол қойған биржалық мәміле бойынша қағаз есепті ұсынады.

72. Сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша биржалық сауда-саттыққа қатысушыға әрбір биржалық мәміле бойынша жеке есептерді ұсынбастан, сауда-саттық сессиясы барысында жасалған барлық биржалық мәмілелер бойынша жиынтық есепті ұсынуға рұқсат етіледі.

73. Биржалық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша сауда жүйесінде тауар биржасы сауда күні жасалған биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың биржалық мәмілелерінің жиынтық тізілімін қалыптастырады.

74. Брокерлер жасалатын биржалық мәмілелердің есебін әрбір клиент бойынша жеке жүргізуге және осы мәмілелер туралы мәліметтерді мәміле жасалған күннен бастап бес жыл бойы сақтауға міндettі.

75. Тауар биржасы барлық жасалған биржалық мәмілелер бойынша мәліметтердің биржалық сауда саласындағы қызметпен айналысу тоқтатылған сәтке дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

10-тарау. Тауар биржасының уәкілетті мемлекеттік органға есептерді ұсыну, сондай-ақ еткізілетін сауда-саттықтар туралы ақпаратты тауар биржасының өз интернет-ресурсында орналастыру тәртібі

76. Тауар биржасы осы Үлгі қағидалардың 67-тармағында көрсетілген құжаттарды, оларға өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ өз қызметі туралы, оның ішінде биржалық саудаға қатысушыларға қатысты қабылданған шешімдер туралы өзге де ақпаратты өз интернетінде олар бекітілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде орналастырады.

77. Тауар биржасы электрондық байланыс арналары арқылы уәкілетті органға осы үлгі ережелердің қосымшасында белгіленген есептілік нысанына сәйкес өткізілген биржалық сауда-саттық бойынша электрондық есеп береді, бұл уәкілетті органның ресми хабарламасы болып табылады.

Есепті тауар биржасы уәкілетті органға ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың жетінші күнінен кешіктірмей ұсынады.

78. Әрбір сауда күнінің қорытындысы бойынша тауар биржасы келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өз интернет-ресурсының арнайы бөлімінде биржалық сауда-саттықтардың нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады, ол мынадай мәліметтерді:

1) мәміле жасалған биржалық сауда режимін;

биржалық тауарлар бойынша:

сауда-саттықты өткізу күнін;

тауардың атауын немесе кодын;

жасалған мәмілелер санын;

сауда-саттықты ашу және жабу бағасын;

мәмілелердің ең жоғары және ең төменгі және орташа өлшемді бағасын;

жеткізу талаптарын;

сауда-саттық сессиясы үшін барлық мәмілелер бойынша жалпы айналымды.

2) стандартталмаған тауарлар бойынша:

сауда-саттықты өткізу күнін;

мәміле жасалған уақытты және оның нөмірін;

мәміле жасаған биржалық сәйкестендіргішті (биржалық сауда-саттыққа қатысушыға берілген жеке код);

тауар атауын;

тауар санын;

тауар бағасын;

мәміленің жалпы құнын;

тауарды жеткізу орны және шарты.

79. Тауар биржасы өз интернет-ресурсының арнайы бөлімінде осы Үлгі қағидаларға қосымшада белгіленген есептілік нысанына сәйкес тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің өзекті тізбесін орналастырады, бұл уәкілетті органның ресми хабарламасы болып табылады.

Тауар биржасы мүшелерінің атауы, орналасқан жері өзгерген, сондай-ақ басшысы ауысқан және (немесе) қызметкерлерінің құрамы өзгерген кезде, тауар биржасына тауар биржасының мүшелерінен ақпарат келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде тауар биржасы тізбені жаңартады.

80. Тауар биржасы ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей, биржалық тауарларға арналған баға белгілеулерін өз интернет-ресурсының арнайы бөлімінде орналастырады.

11-тарау. Тауар биржасы арқылы мемлекеттік және өзге де сатып алуларды өткізу тәртібі

81. Мемлекеттік сатып алу, табиғи монополиялар субъектілерінің, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың сатып алуы, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар мен биржалық тауарлардың ұлттық компанияларының тауар биржалары арқылы сатып алуы қосарланған қарсы аукцион режимінде жүзеге асырылады.

82. Жер қойнауын пайдаланушылар мен ұлттық компаниялардың, табиғи монополиялар субъектілерінің стандартталмаған тауарларды тауар биржалары арқылы сатып алуы Үлгі қағидалардың осы тарауында белгіленген тәртіппен стандартты немесе қосарланған қарсы аукцион режимінде жүзеге асырылады.

83. Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде сауда-саттық кестесі түріндегі хабарландыруды тауар биржасы биржалық сауда—саттықты өткізу күніне дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

84. Тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер бастамашының тиісті жылға арналған бюджетінде көзделген қаражат шенберінде өтеулі негізде көрсетіледі.

85. Стандартты аукцион режимінде жер қойнауын пайдаланушылардың және ұлттық компаниялардың, табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алулары оларды аукцион бастамашысы ретінде шыққан жағдай тәмендетуге арналған аукцион түрінде өткізіледі.

86. Тәмендету аукционын өткізу үшін аукцион бастамашысы өз бетінше дилер ретінде немесе өз брокері арқылы тауар биржасына өтінім береді, онда мынадай мәліметтер мен талаптар көрсетіледі:

1) аукцион бастамашысының атауы (занды тұлға үшін), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлға үшін), тапсырыс берушінің нақты мекенжайы, толық атауы, банктік деректемелері;

2) аукцион лоты: функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары сипатталған, сатып алынатын тауарға техникалық ерекшелік, сондай-ақ тауарлардың осы талаптарға сәйкестігін раставтын құжаттар тізбесі;

3) тауарды тасымалдауға, сақтандыруға, кедендей баждарды, салықтарды төлеуге арналған шығыстарды (егер тауарды өткізу бойынша айналымға қосылған құн салығы

салынған жағдайда), алымдарды, сондай-ақ тауарларды жеткізу шарттарында көзделген өзге де шығыстарды қоса алғанда, лоттың теңгемен бастапқы бағасы;

- 4) сатып алынатын тауардың саны;
- 5) өлшем бірлігі;
- 6) төлем талаптары;
- 7) тауарды жеткізу орны және шарты;
- 8) жеткізу шартын жасасқан күннен бастап есептелетін тауарды жеткізу мерзімі;
- 9) елеулі талаптары көрсетілген жеткізу шартының жобасы;
- 10) сатып алынатын тауардағы процентпен көрсетілген жергілікті қамту бойынша талаптарды белгілеу (0-нан 100-ге дейін);
- 11) әлеуетті өнім берушілердің көмегімен аукцион бастамашысынан лот бойынша түсіндірірулер сұратуға жол берілетін тәсілдер; оларға сұрақтармен жүргіну үшін аукцион бастамашысының уәкілетті адамдарының электрондық поштасының мекенжайы және телефон нөмірлері;
- 12) оның шеңберінде сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісімшарттың) нөмірі (бар болса);
- 13) әлеуетті өнім беруші сәйкес келуге тиіс аукцион бастамашысы белгілеген біліктілік талаптары.

87. Өтінімде әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талаптарды белгілеуге жол берілмейді.

88. Стандартталмаған тауарларды сатып алу қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізілген жағдайда өтінімде тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларды, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік ұлгілерді, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың тиесілілігін айқындайтын өзге де де сипаттамаларды көрсетуге жол берілмейді.

89. Аукцион бастамашысына әлеуетті өнім берушілерге сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы туралы талаптарды белгілеуге жол беріледі.

90. Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар нарығындағы жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар өтінімде мынадай өлшемшарттарға сәйкес белгіленеді:

1) егер стандартты аукционды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу мың еселенген мөлшерінен асатын болса, екі жылға дейін;

2) егер стандартты аукционды жүзеге асыруға бөлінген сома тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі жұз мың еселенген мөлшерінен асатын болса, бес жылға дейін.

91. Аукцион бастамашысына аукционды төмендетуге арналған өтінімге өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізуға жол берілмейді.

92. Тауар биржасы төмендетуге арналған аукцион өткізуге өтінімді алған құннен бастап екі жұмыс күні ішінде аукцион өткізу туралы не аукцион өткізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды және өтінім келіп түскен брокерді немесе дилерді қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

93. Стандартталмаған тауарларды сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды тауар биржасы биржалық сауда-саттық өткізілетін күнге дейін кемінде сегіз жұмыс күні бұрын өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Аукцион өткізу мерзімін төмендетуге ұзартуға жол беріледі. Аукционды өткізу дің жаңа күнін тауар биржасы өзінің интернет-ресурсында жариялауға тиіс.

94. Хабарландыруды:

- 1) аукцион лотының атауы;
- 2) аукцион өткізуге арналған өтінімнің толық мазмұны;
- 3) аукционға қатысуға өтінім беру мерзімі тиіс.

95. Төмендетуге арналған аукционға қатысуға өтінімдерді беру мерзімі кемінде алты жұмыс күнін құрайды және биржалық сауда-саттық өткізілетін күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей аяқталады.

96. Төмендету аукционын өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін өтінімдер беруге жол берілмейді.

97. Аукцион бастамашысының мұдделерін білдіретін брокер әлеуетті өнім берушілердің мұдделерін білдіруге емес.

98. Әлеуетті өнім берушілер аукционға қатысуға өзінің өтінімдерін аукцион бастамашысына Үлгі қағидалардың осы тарауында белгіленген мерзімде және тәртіппен табыс ұсынады.

99. Әлеуетті өнім беруші мынадай негіздердің бірі бойынша төмендетуге арналған аукционға қатысуға жіберілмейді:

- 1) әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына, сондай-ақ техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжатты (құжаттарды) ұсынбауы;
- 2) әлеуетті өнім беруші оның сәйкестігін растау үшін ұсынған құжаттардағы ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкесіздік фактісінің белгіленуі;
- 3) біліктілік талаптары бойынша қате ақпарат беру фактісінің анықталуы.

100. Төмендетуге арналған аукцион өткізілетін күнге дейін екі жұмыс күні бұрын аукцион бастамашысы өз бетінше дилер ретінде немесе өз брокері арқылы тауар биржасына төмендетуге арналған аукционға қатысуға жіберілген және төмендетуге арналған аукционға қатысуға жіберілмеген әлеуетті өнім берушілердің тізімін ұсынады.

Егер төмендетуге арналған аукционға әлеуетті өнім беруші жіберілмеген жағдайда, аукцион бастамашысы өз бетінше дилер ретінде немесе өз брокері арқылы тауар биржасына растайтын құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.

101. Аукционға бір ғана әлеуетті өнім беруші жіберілсе, онда төмендетуге арналған аукцион өткізілмейді.

102. Тауар биржасы төмендетуге арналған аукционға қатысуға жіберілген және жіберілмеген әлеуетті өнім берушілердің тізімдерін осы тізімді алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет–ресурсында жариялады.

103. Төмендетуге арналған аукционға қатысуға жіберілген әрбір әлеуетті өнім берушіден биржалық сауда-саттыққа қатысушылар аукцион өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тауар биржасының клирингтік орталығына биржалық қамтамасыз етуді енгізеді.

Биржалық қамтамасыз етуді енгізбеген әрбір әлеуетті өнім берушіден биржалық сауда-саттыққа қатысушылар төмендету арналған аукционға жіберілмейді.

1-параграф. Төмендетуге арналған аукцион өткізу

104. Аукцион қатысушылары лот бағасы бойынша өз шарттарын көрсете отырып өтінімдерді қою жолымен аукционды өткізуге аукцион бастамашысының өтінімінде көрсетілген шарттарға мәмілені жасауға оферта жасайды.

Аукцион қатысушыларының лоттың бастапқы бағасынан төмен бағасы бар өтінімдердің шексіз санын қоюларына жол беріледі.

Өтінімдер қайтарып алынбайтын болып табылады. Өтінімдегі бағалар үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Тауар биржасы осы талаптарды бұзумен қойылған өтінімдерді тауар жүйесінен жоюға жатқызады.

105. Егер өтінімдерді екеуден аз әлеуетті өнім беруші берсе, аукцион өткізілмеген деп танылады.

106. Тауар биржасы өтінімдерді ұсыну үшін берген уақыт кезеңі өткеннен кейін тауар биржасы сауда жүйесінде өтінімдер туралы есепті қалыптастырады, онда әрбір әлеуетті өнім берушіден биржалық сауда-саттыққа қатысушылар шығарған, қабылдауды тоқтату сәтінде ең үздік өтінімдер туралы ақпарат қамтылады.

Егер төмендетуге арналған аукционның жабылғанға дейін үш минут ішінде олардың биржалық сауда-саттыққа қатысушыларының біреуі әлеуетті өнім берушінің жаңа ең төменгі бағасын енгізсе, төмендетуге арналған аукционның жабылу уақыты автоматты түрде бес минутқа, бірақ үш реттен артық емес ұзартылады.

107. Тауар биржасы өтінімдер туралы есепті қарауға берген уақыт кезеңі өткеннен кейін, аукцион бастамашысы қарсы өтінім беру жолымен аукцион жеңімпазының офертасын акцепттейді.

108. Өтінімдер туралы есепке сәйкес лоттың ең аз бағасы бар өтінімді ұсынған әлеуетті өнім беруші аукцион жеңімпазы болып танылады.

Егер өтінімдер туралы есепте бірдей ең төмен бағалары бар өтінімдер болса, онда негұрлым аз бағасы бар өтінімді уақыт бойынша бұрын ұсынған әлеуетті өнім беруші аукцион жеңімпазы болып танылады.

109. Биржалық мәміле жасалғаннан кейін тауар биржасы сауда жүйесінде жасалған биржалық мәміле туралы ақпаратты қамтитын қорытындылар туралы хаттаманы қалыптастырады және оны аукцион бастамашысы мен аукцион жеңімпазына жібереді.

110. Төмендетуге арналған аукцион өткізілмеді деп танылған жағдайда, аукцион бастамашысы жалпы белгіленген тәртіппен тауар биржасына аукцион өткізуге қайтадан өтінім береді.

111. Төмендетуге арналған аукционды тауар биржасы мынадай:

- 1) занды күшіне енген сот шешімі бойынша;
- 2) сауда-саттыққа қатысуышылар аукционға қатысуға екеуден кем өтінім берген жағдайда;

3) аукцион бастамашысының тауарларды сатып алудың бекітілген жылдық және (немесе) орта мерзімді бағдарламаларында көзделген стандартталмаған тауарларды сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған жағдайда жояды.

112. Төмендетуге арналған аукционды өткізуудің күшін жою туралы ақпарат сауда күні ішінде тауар биржасының өз интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

Биржа саудасының ұлғи
қағидаларына қосымша

Откізілген биржалық сауда-саттықтар бойынша есеп нысаны

p/c №	Тауар түрлері бойынша	Биржалық мәміле		Тауар			Биржалық сауда-саттыққа қатысуышы		Сауда-саттық режимі	
		Сатып алушы	Сатушы	Атауы	Тауар саны	Лот сомасы (тенге)	Сатып алушының және (немесе) дилердің атауы	Брокер дің атауы	Сатушының және (немесе) дилердің атауы	Брокер дің атауы
	Жасалған мәмілелердің жалпы көлемі, мың теңге									

Тауар биржасының аккредителген мүшелерінің өзекті тізбесі бойынша есеп нысаны

--	--	--	--	--

			Тауар биржалары
№ р/с	Тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің атауы	Тауар биржасының аккредиттелген мүшелері басшысының және қызметкерлерінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің қысқаша ақпараты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК